

«Мөлдір бұлақ» бобекжай-бақшасы

Кеңес беру:

«Баланың балабақшадағы бір күні»

Жауапты: А.Құрымбай

Қайрат ауылы

Анықтама

Қатысушылар: 4

Күні: 18.09.2025 жыл

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Баланың балабақшадағы бір күні» кеңес беру.

Мақсаты:

- Ата-аналарға баланың балабақшадағы күн тәртібі туралы ақпарат беру.
- Баланың дамуындағы күн тәртібінің маңызын түсіндіру.
- Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Қатысушылармен сәлемдесіп, баланың күн тәртібі туралы қысқаша кіріспе сөз сөйледі. «Күн тәртібі – баланың дұрыс өсуі мен дамуының негізі, балабақшадағы әрбір іс-әрекет баланың денсаулығы мен психологиялық дамуына оң әсер етеді» тақырыбына тоқталып, талқыланды.

Балабақшадағы бір күннің құрылымы тақырыбында ата-аналарға көрнекі түрде (плакат, слайд) көрсетілді.

1. Таңғы қабылдау, ертеңгілік әңгіме.
2. Таңғы жаттығу.
3. Таңғы ас.
4. Оқу-қызмет әрекеті (сурет салу, аңайту, математика, тілдамытут.б.).
5. Дене шынықтыру, серуен.
6. Түскі ас.
7. Ұйқы.
8. Тәжірибелік-ойын әрекеті (құрастыру, рөлдік ойындар).
9. Бесін ас.
10. Кешкі серуен, баланы ата-анаға тапсыру.

2. Күн тәртібінің балаға пайдасы

- Дене дамуын қалыптастырады (дұрыс ұйқы, тамақ, қозғалыс).
- Тәртіп пен жауапкершілікті үйретеді.
- Әлеуметтік қарым-қатынасқа бейімдейді.
- Танымдық қабілеттерін дамытады.
- Эмоционалды тұрақтылық береді.

3. Ата-анаға арналған кеңестер

- ✓ Баланы балабақшаға қуанышты көңіл-күй мен әкелуге тырысыңыз.
- ✓ Таңертең асықтырмай, жылы сөздер айтыңыз.
- ✓ Балабақшадағы күн тәртібін үйде де ұстануға тырысыңыз.
- ✓ Балаға тәрбиешінің жұмысына сенім білдіріңіз.
- ✓ Кешке баладан «Не істедің?» деп сұрап, қызығушылық танытыңыз.
- ✓ Балабақша туралы жағымды пікір білдіріңіз.

Практикалық бөлімде «Менің баламның бір күні» тақырыбында ата-аналар жаттығу жасады. Ата-аналарға қағаз бен қалам таратылды. Өз баласының бір күнін қысқаша жазып шығады (үйде, балабақшада), тәрбиеші мен салыстыра отырып, айырмашылықтарды талқылайды.

Қорытынды бөлімде негізгі ойды түйіндеді. Ата-аналарға «Күн тәртібі – бала денсаулығының кепілі» атты шағын жаднама таратылды.

Қорытындысы:

Ата-аналарға А.Құрымбай «Баланың балабақшадағы бір күні» тақырыбында тәрбиеші кеңестер берді.